

## 2009 жылға арналған аудандық бюджет туралы

### *Күшін жойған*

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2008 жылғы 26 желтоқсандағы N 16-5 Шешімі. Жамбыл облысы Жамбыл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 05 қаңтарда 75 нөмірімен тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облыстық Әділет департаментінің 2013 жылғы 11 наурыздағы N 2-2-17/388 хаты)

**Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды ( Жамбыл облыстық Әділет департаментінің 2013 жылғы 11 наурыздағы N 2-2-17/388 хаты)**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеткодексінің 75-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына және "2009 жылға арналған облыстық бюджет туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2008 жылғы 18 желтоқсандағы № 10-4 шешіміне ( Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1716 болып тіркелген) сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2009 жылға арналған аудандық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемдерде бекітілсін:

- |  |   |         |            |
|--|---|---------|------------|
| 1) кірістер  | - | 2787293 | мың теңге; |
| салықтық түсімдер  | - | 298724  | мың теңге; |
| салықтық емес түсімдер                                   | - | 11977   | мың теңге; |
| негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер               | - | 6294    | мың теңге; |
| трансферттер түсімі                                      | - | 2470298 | мың теңге; |
| 2) шығындар  | - | 2798719 | мың теңге; |
| 3) таза бюджеттік кредиттеу                              | - | -9529   | мың теңге; |
| бюджеттік кредиттер                                      | - | 0       | мың теңге; |
| бюджеттік кредиттерді өтеу                               | - | 9529    | мың теңге; |
| 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо         | - | 0       | мың теңге; |
| қаржы активтерін сатып алу                               | - | 0       | мың теңге; |
| мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер    | - | 0       | мың теңге; |
| 5) бюджет тапшылығы (профициті)                          | - | -1897   | мың теңге; |
| 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | - | 1897    | мың теңге; |
| т е н г е :  |   |         |            |
| қарыздар түсімі  | - | 0       | мың теңге; |

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;  
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1897 мың теңге.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл аудандық мәслихатының 2009.02.24 № 18-3; 2009.04.29 № 20-2; 2009.08.05 № 22-2; 2009.11.11 № 24-2; 2009.12.07 № 25-2 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімдерімен.

2. 2009 жылы облыстық бюджеттен аудандық бюджетке берілетін субвенция мөлшері 1866230 мың теңге сомасында белгіленсін.

3. "Агроөнеркәсіп кешенді және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 5 шілдедегі Заңының 18-бабына сәйкес, 2009 жылы аудандық бюджеттен қаржыландырылатын ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт салаларының мамандарына қала жағдайында осы қызмет түрлерімен айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда айлықтары мен тарифтік ставкаларының 25 пайызы мөлшерінде үстеме ақы төлеу үшін қаржы көзделсін.

4. 2009 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджет қаржысы есебінен бюджетке ағымдағы нысаналы трансферттер келесі мөлшерлерде көзделгені ескерілсін:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге - 17878 мың теңге;  
аз қамтылған отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына мемлекеттік жәрдемақы төлеуге - 16939 мың теңге;  
әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламаларын кеңейтуді төлеуге - 17300 мың теңге  
көзделгені ескерілсін;  
жастар тәжірибесі бағдарламаларын кеңейтуге - 9200 мың теңге көзделгені ескертілсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді, төртінші және бесінші абзацтармен толықтырылды - Жамбыл аудандық мәслихатының 2009.04.29 № 20-2 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

5. 2009 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджет қаржысы есебінен Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін:

жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға – 139231 мың теңге;  
бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиалық кабинеттер жасауға - 11082 мың теңге;  
бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде физика, химия, биология кабинеттерін оқу жабдықтарымен

жарақтандыруға - 12290 мың теңге;

бастауыш, негізгі, орта және жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде оқытудың жаңа технологиясын енгізуге – 25428 мың теңге.

6. 2009 жылға арналған аудан бюджетіне республикалық қаржы есебінен Қазақстан Республикасының ауылдық аймақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауылдық (селолық) елді мекендерді ауыз сумен жабдықтау объектілерін салуға – 20993 мың теңге.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - Жамбыл аудандық мәслихатының 2009.04.29 № 20-2 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

7. Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін 1425 мың т е ң г е .

8. Облыстық бюджет қаражаты есебінен балабақша ғимаратын сатып алуға мақсатты трансферттер - 30000 мың теңге.

9. Облыстық бюджет қаражаты есебінен Аса ауылындағы бес этаждық тұрғын үйді реконструкциялауға – 89945 мың теңге.

10. Облыстық бюджет қаражаты есебінен аз қамтылған отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына мемлекеттік жәрдемақы төлеуге - 9424 мың теңге к ө л е м і н д е е с к е р і л с і н ;

қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру бағдарламасына - 11582 мың теңге көзделгені ескертілсін.

**Ескерту. 10-тармақ екінші абзацпен толықтырылды - Жамбыл аудандық мәслихатының 2009.04.29 № 20-2 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.**

11. Аудандық жергілікті атқарушы органының резерві – 5000 мың теңге м ө л ш е р і н д е б е к і т і л с і н .

12. 2009 жылға арналған ауданның жергілікті және республикалық бюджет есебінен орындалатын даму бюджеттік бағдарламалардың тізбесі № 2-қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

13. 2009 жылға арналған жергілікті бюджеттің орындалу процесінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі № 3-қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

14. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан республикалық маңызы бар қаланың, астананың (ауданның (облыстық маңызы бар қаланың бюджетіне) бюджетіне түсетін түсімдердің көлемі № 4-қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .



01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1265
	1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	145
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1120
02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	42
	1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	42
04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8825
	1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	8825
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1845
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1845
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	6294
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1067
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1067
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	5227
	1	Жерді сату	4777
	2	Материалдық емес активтерді сату	450
4		Трансферттердің түсімдері	2470298
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2470298
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2470298
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
	Атауы		
	II. Шығыстар		2798719
1		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	191951
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	11841
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	11841
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	43413
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету	43043
	002	Ақпараттық жүйелер құру	370
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	113386
	001	Қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі аппаратының қызметін қамтамасыз ету	113386
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	14153

		001	Қаржы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	11950
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2203
	453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	9158
		001	Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	9158
2			Қорғаныс	782
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	782
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	782
4			Білім беру	1990395
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	189267
		009	Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	189267
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	1716749
		003	Жалпы білім беру	1662981
		006	Балалар үшін қосымша білім беру	28340
		010	Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттердің есебінен білім берудің мемлекеттік жүйесіне оқытудың жаңа технологияларын енгізу	25428
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беру бөлімі	83864
		001	Білім беру бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	9886
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	12978
		011	Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде білім беру объектілерін күрделі, ағымды жөндеу	61000
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	515
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	515
6			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	222522
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	3266
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету	3266
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	205424
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы	47021
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	1875
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	20905
		006	Тұрғын үй көмегі	17985
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	23781
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	3073
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	86268
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсетуі	4516

	451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	13832
		001 Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	12921
		011 Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	911
7		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	159090
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	97502
		003 Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	97179
		004 Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу	323
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	12282
		014 Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	12282
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1632
		012 Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	1632
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	23569
		005 Коммуналдық шаруашылығын дамыту	776
		006 Сумен жабдықтау жүйесін дамыту	22793
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	6289
		008 Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	5469
		009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	498
		011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	322
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	17385
		015 Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	10685
		016 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	900
		018 Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	5800
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	431
		007 Қаланы және елді мекендерді көркейтуді дамыту	431
8		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	133906
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	58016
		003 Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	58016
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	22100
		005 Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту	15600
		006 Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1200
		007 Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	5300

	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	19271
		006 Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	19181
		007 Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	90
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	9471
		002 Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу	9471
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	5691
		001 Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	5691
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	15967
		001 Ішкі саясат бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4503
		003 Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	11464
	465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Дене шынықтыру және спорт бөлімі	3390
		001 Дене шынықтыру және спорт бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	3390
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар , қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	66197
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылық бөлімі	10929
		001 Ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	6929
		005 Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	2549
		099 Республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер есебінен ауылдық елді мекендер саласының мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру	1451
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	265
		010 Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	265
	463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	4403
		001 Жер қатынастары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4030
		006 Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің шекарасын белгілеу кезінде жүргізілетін жерге орналастыру	373
	455	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	50600
		008 Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде әлеуметтік жобаларды қаржыландыру	50600
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	8367
	467	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	4356
		001 Құрылыс бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4356
	468	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	4011
		001 Қала құрылысы және сәулет бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4011
12		Көлік және коммуникация	15680



	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппараты	980
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	980
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	14700
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	14700
13		Басқалар	9130
	469	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	2977
	001	Кәсіпкерлік бөлімі қызметін қамтамасыз ету	2977
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	1709
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	1709
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4444
	001	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қамтамасыз ету	4444
15		Трансферттер	699
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	699
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	699
<b>Санаты</b>			
	Ішкі сыныбы		
	Ерекшелігі		
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	-9529
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	9529
		IV. Қаржы активтерімен жасалынған операциялар бойынша сальдо	0
4	610	Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-1897
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	1897
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1897

Ж а м б ы л

а у д а н д ы қ

м ә с л и х а т ы н ы ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 6

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 16-5 шешіміне № 2-қосымша

**2009 жылға арналған аудандық жергілікті және республикалық бюджет есебінен орындалатын даму бюджеттік бағдарламалардың тізбесі**





## 2009 жылға арналған ауылдық (селолық) округтердің бюджеттік бағдарламалары

Ескерту. 5-Қосымша жаңа редакцияда - Жамбыл аудандық мәслихатының 2009.11.11 № 24-2 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Шешімімен.

мың теңге

№	Бағдарламаның атауы	013						
		001 "Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық), округ әкімінің аппараттарының атауы	003 "Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету"	014 "Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру"	009 "Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету"	008 "Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру"	011 "Елді мекендерді көркейту және көгалдандыру"	013 "Аудан маңы ауыл селолық округ автос жол жұмыс істе қам ету"
1	Аса селолық округі	9093	814	1790	498	3181	0	0
2	Айшабибі селолық округі	7251	0	680	0	0	0	0
3	Ақбастау ауылдық округі	6131	497	708	0	0	38	0
4	Ақбұлым селолық округі	5997	0	850	0	0	0	0
5	Бесағаш селолық округі	8204	0	0	0	0	46	0
6	Гродеково селолық округі	7670	0	0	0	0	38	0
7	Жамбыл селолық округі	8895	0	0	0	0	0	0
8	Көлқайнар селолық округі	5781	396	1838	0	0	0	0
9	Қызылқайнар ауылдық округі	5544	0	988	0	0	0	0
10	Қаратөбе ауылдық округі	5468	413	0	0	0	55	0
11	Қарой селолық округі	5945	0	0	0	2088	0	980
12	Қаракемер ауылдық округі	5659	423	481	0	0	0	0
13	Құмшағал ауылдық округі	6895	0	1060	0	200	0	0

14	Ерназар селолық округі	5403	0	2193	0	0	26	0
15	Өрнек селолық округі	6130	392	1694	0	0	41	0
16	Пионер ауылдық округі	5387	0	0	0	0	78	0
17	Полатқосшы селолық округі	7933	331	0	0	0	0	0
	Барлығы:	113386	3266	12282	498	5469	322	980

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК